

Бюджет қарыздары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1343

Қорғаныс және құқық қорғау органдарының Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары алдындағы әскери тасымалдау және қызмет көрсеткені үшін жинақталған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қоса берілген тізбеге сәйкес республикалық бюджетке жалпы сомасы 103280 мың (жүз үш миллион екі жүз сексен мың) теңге төлем бойынша берешектері бар Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары мен республикалық бюджет арасындағы берешекке есептеме жүргізісін.

Аталған сома қорғаныс және құқық қорғау органдарының көлік ұйымдары алдындағы қызмет көрсеткені үшін берешектерін өтеуге арналған бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру есебіне есептелсін.

Берешек есептемесіндегі көрсетілген сома 1996 жылға 1 қазандағы жағдайы бойынша республикалық бюджеттің кірісі және шығысы бөлігінде көрсете отырып жүргізілсін.

2. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармалары

қорғаныс және құқық қорғау органдары бюджеттік ұйымдарының кредиторлық берешектерін республикалық бюджетке есептелетін салық төлемдері есебіне есептесін.

3. Алматы, Ақмола және Ақтөбе облыстарының әкімдері тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар бойынша осы секілді есептеме жүргізу мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 1 қарашадағы
N 1343 қаулысына
қосымша

Қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарының қаржыландыру
 есебіне есептеме қабылданатын республикалық бюджетке
 төлемдер бойынша берешектері бар көлік ұйымдарының
 ТІЗБЕСІ
 (мың теңге)

Көлік ұйымдарының атаулары, |Есептемеге|Оның ішінде Қазақстан
 республикалық бюджетке салық|алынған |Республикасының қорғаныс
 төлемдерінің түрлері |берешек |және құқық қорғау органдары
 |сомасы, |бойынша
 |барлығы |
 | |Қорғаныс |Республикалық
 | |министрлігі|ұлан

1	2	3	4
---	---	---	---

Алматы темір жол басқармасы, Алматы қаласы қосымша құнға арналған салық	61641	50000	2000
Батыс Қазақстан темір жол басқармасы, Ақтөбе қаласы занды тұлғалардың табысына салық	20439	19769	
Тың темір жол басқармасы, Ақмола қаласы қосымша құнға арналған салық	21200	20000	
ЖИЫНЫ:	103280	89769	2000

Оның ішінде Қазақстан Республикасының қорғаныс және құқық қорғау
 органдары бойынша

Төтенше жағдайлар	Ұлттық	Мемлекеттік	Ішкі істер
жөніндегі мемлекеттік	қауіпсіздік	тергеу	министрлігі
комитет	комитеті	комитеті	

5	6	7	8
---	---	---	---

1000	1842	799	6000
	670		
	1200		
1000	3712	799	6000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК